

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 желтоқсан N 1754

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, Павлодар облысында орналасқан және "Нан өнімдері" акционерлік қоғамының алдында берешегі бар мекемелердің алған азық-түлік үшін пайда болған берешегін қысқарту мақсатында, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Павлодар облысы әкімінің "Нан өнімдері" акционерлік қоғамының республикалық бюджетке салықтық төлемдер бойынша жалпы сомасы 35850,1 мың (отыз бес миллион сегіз жүз елу мың бір жүз) теңге, оның ішінде заңды тұлғаларға салынатын табыс салығы бойынша 26600,2 мың (жиырма алты миллион алты жүз мың екі жүз) теңге және қосымша құнға салынатын салық бойынша - 9249,9 мың (тоғыз миллион екі жүз қырық тоғыз мың тоғыз жүз) теңге сомасында берешегін оның республикалық бюджеттен қаржыландырылатын және Павлодар облысында орналасқан мекемелерге берген азық-түліктің есебіне өтеу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетімен бірлесіп республикалық бюджет пен салықтық төлемдер бойынша республикалық бюджетке берешегі бар "Нан өнімдері" акционерлік қоғамы арасындағы берешекті қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес бюджеттік мекемелерге берілген өнімдердің есебіне есептесін.

Аталған сома тізбеде келтірілген мекемелерді қаржыландыру

есебіне, олардың алған азық-түлік үшін "Нан өнімдері" акционерлік қоғамы алдындағы берешегін өтеуге есептелсін.

3. Берешекті есептеу, аталған соманы 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізілсін.

4. Павлодар облысының әкімі жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мекемелер бойынша осындай есептеу жүргізу мүмкіндігін қарастырсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1754 қаулысына
қосымша

Павлодар облысының республикалық бюджеттен
қаржыландырылатын, "Нан өнімдері" акционерлік
қоғамынан алған азық-түлік үшін берешегі бар
бюджеттік ұйымдардың
ТІЗБЕСІ

Ұйымның атауы	Есептеуге қабылданатын берешек сомасы (мың теңге)
Көлік және коммуникациялар министрлігі	
N 108 орта мектеп	28,0
Бөлімше ауруханасы	331,8
Мемлекеттік тергеу комитеті	1018,0
Ішкі істер министрлігі	
Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері	32413,2
Ішкі әскерлер қолбасшысының бас басқармасы	
5512 ә/б	976,2
6679 ә/б	1082,9
Республикалық мекемелердің берешегінің жиыны	35850,1

